


Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
Жүсіп К.К.Сейдалиева

Ұйымдастырылған ашық іс әрекеті

«Орманға саяхат»



22.05.2021ж.

«Балдырған» ортаңғы топ

Тәрбиеші: А.А. Дүкенбаева

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.

Тобы: «Балдырған» ортаңғы топ

Білім саласы: «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта»

Білім бөлімі: «Тіл дамыту», «Көркем әдебиет», «Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру», «Қоршаған ортамен таныстыру», «Мүсіндеу», «Құрастыру».

Өтілетін күні: 22.05.2021ж

Тақырыбы: «Орманға саяхат»

Мақсаты: Баланың ақыл ойын дамыту, абстрактілі ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заманталабына сай ойын жүйріктеп тәрбиелеу.

Міндеті: Ойлау, тыңдау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге, тапсырманы ыншамен дұрыс орындауға, өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлыққа баулу. Балаларды ұжымшылдық пен өз мақсатына жете білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: проектор, ұнтаспа, таратпа құралдары, шығармашылыққа қажетті құралдар, атрибуттар, суреттер.

Алдын-ала жұмыстар: Дидактикалық ойын: Ағаштар

Билингвалдық компоненттері: Орманға саяхат-В лес путешествие

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	-Балалар бүгінгі біздің Ұ.О.І.Ә көріп бағалау үшін көптеген қонақтар келіпті. Сол қонақтармен сәлемдесейікші. Шаттық шеңбері: Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой Ал, кәнекей бәріміз, Сәлемдесейік үлкенге Үлкенге де сіз Кішіге де сіз Сәлем беріп баршаңызға Құрметпенен бәсіміз Экранға назар аударайық. Ертегі желісін үн таспамен айтқызу. Тыңда балам ертегі Ертегі сыр шертеді Ерте, ерте, ертеде Ешкі жүні бөрте деп, ертегідегі Маша мен Аю болады. Маша қыдыруға шыққанда жоғалып кетеді. (Үн таспамен айтқызу)	-Ия Балалар мәтін сөзіне сәйкес іс-қимыл жасап айтады. -Ия -Балалар экранға назар аударады.
Ұйымдастыру-ізденушілік	-Балалар сендер ертегіні еске түсірген боларсыңдар. Ендеше әжеміз Машаны үйіне қайтарып беріңдерші деп өтініпті. Аюжанды алдандыру үшін, бізде көптеген тапсырмалар	.

бар.

-Балалар сонда біз не істеу керек екенбіз?

-Маша балалар аюдың қапшығында екен. Сол қапшықты ашып қалмау керек. Ендеше орманға әнімізді орындап саяхаттауға шығайық, қалай қарайсыңдар?

Ал балалар қараңыз

Таң ғажайып бар аңыз

Ертегілер еліне

Бірге барамыз

Ну орманға енеміз

Әсем гүлдер тереміз

Көңілді боп әрқашан

Біз тапсырмаларды орындап


Машаны әжесіне тапсырамыз

-Балалар әндетіп орманға келіп қалғанымызды да байқамай қалыппыз.

-Орманың іші қандай екен балалар?

-Міне, алдымыздан аюжанда шықты.

Ғажайып сәт:



Тәрбиеші: Сәлеметсіңбе Аюжан.

Аю: Сәлеметсіңдер ме балалар?

- Ой балалар сендер мені қайдан таныйсыңдар?

Тәрбиеші: Әрине, білеміз. Қане балалар аю туралы не білетінімізді айтып берейікші. **Аю:** Ия дұрыс айтасыңдар.

Тәрбиеші: Қане балалардың жауаптарын сиқырлы қаламмен толықтырып жіберейік..

Тапсырма ; «Сиқырлы қалам»

Шарты: Балалар жабайы аңдарды еске түсіріп үш тілде қайталап шығады.

Аю: Балалар сендер өте ақылды екенсіңдер. Бірақ менің қарным ашты, қане осы жерде отырып Машаның беріп жіберген бәлішінен дәм ауыз тиейік. (аю отырып қалады)

Тәрбиеші: Аю жан сен бәлішінді қоятұршы. Алдымен балалардың сен жайлы өлеңін естіп ал.

Өлең шумағы :

Нұрлыбек: Шыбындармен дос болып.

Айға ұштық бәріміз.

Айдан жүзім жинап ап,

Күнге қондық қайта біз.

Нұрайлым: Күннен аю қарсы алды.

Қонақтарым келді деп.

Аю дың үйі күн екен

Іші толған гүл екен

-Машаны үйіне жеткізуіміз керек.

-Ия

-Балалар өлеңді шеңбердің бойымын тәрбиешімен бірге қайталап жүреді.

-Жылдың көктем мезгілі.

-Сәлеметсіңбе Аю.

-Балалар аюдың қандай аң екенін түсіндіріп береді.

-Жабайы жануарлар: Аю, қасқыр, түлкі, т.с.с

-Балалар аю жайлы өлеңдерін қайталап береді.

Гүлден салат жасады.
Балаларым жесін деп
Амина: Жүзім қосып салатқа
Шыбындарым тоймайды,
Доп қып алып күнді олар,
Асыл салып ойнады.

-Балалар қуанып
аюжанмен бірге орманға
саяхатқа шығады.

Аю: Балалар өте керемет өлең екен.
Тәрбиеші: Аюжан біз сенімен барсақ бола ма?
Аю: Жарайды жүріңдер.
Тәрбиеші: Қане әп айтып көңілденсек қалай
болады?.

-Балалар шеңбермен
өлеңді аюмен бірге
қайталайды.

Ал балалдар қараңыз
Таң ғажайып бар аңыз
Орманың іші таң ғажап.
Андармен дос болып қоймай
Олар мен достасамыз.

-Балалар аюды
алдандыруға тырысады.

Аю: Жок мен ары қарай жүрмеймін. Мен
бәлішті жеп алғым келіп тұр.

Тәрбиеші: Жооок аюжан сен бәлішті
жемеші. Оданда бізге мына ормандағы
ағаштарды таныстыршы.

Тапсырма: «Қандай ағаштың жапырағы?»

-Балалар сендер экранға назар
аударыңдаршы.

Шарты: Экранда ағаштардың суреті
көрсетіледі, ағаштарға сәйкес жапырақтарын
табу керектігін айтады.

Тәрбиеші: Аюжан сен сәл шыда әженің
үйіне де жетіп қалдық.

Аю: Жрайды қане ары қарай жол жүрейік.
Әсем гүлер тереміз

Көңілді боп әрқашан
Тату болып келеміз.

Аю: Ой ой балалар. Менің ішімнен
дыбыстар шығып жатыр мен бәлішті
жемесем болмайтын сияқты, қарным қатты
ашты.

Тәрбиеші: Жок –жок аюжан сен бәлішті
жеме, оданда өзіңнің қандай ақылды
екендігіңді балаларға көрсетші. Сен өте
ақылдысың ғой.

Аю: Ия, ия дұрыс айтасың. Көрсетсем
көрсетейін (деп көңілденеді)

Тапсырма: «Логикалық сұрақтар»

Шарты: Экранан суреттер бейнеленеді сол
суреттергі тапсырмаларды орындау.

Тәрбиеші: Ой аюжан сен өте ақылды
екенсің, ақылдылығыңа ептілігіңнің сай
екенін де көрсетіп жіберсең қайтеді!?

Сен шаршаған боларсың қане бізбен серігіп
алшы.

Сергіту сәті:

Қане қанат жазайық,
Қарлығашқа ұқсайық
Ұшып-ұшып алайық

-Экранға назар аудару.
Дамир: аю мына
ағаштың жапырағы
қайсы (аюды
алдандырады)
-Балаларға ағаш пен
жапырақтардың
суреттері көрсетіледі.
Солардың бір-бірімен
ұйқастарын табады.
-Балалар шеңбер бойлап
мәтінді қайталап жүреді.

-Балалар аюды
алдандыруға тырысады.

-логикалық сұрақтарға
дұрыс жауап береді.

-Балалар сергіту сәтін
бірлесіп іс-қимылмен
қайталап шығады.

Орнымызга конайык
Білімді болайык
Тәрбиеші:Бәрекелді балалар әжеміздің
үйіне келіпте қалдық.
Аю: Міне әжейдін үйі. Мен бәлішімді жей
алмай да қалдым(деп мұңайып қалады)
Топқа әже мен Машаның кіруімен
ғажайып сәт:



Маша:Әжееее,мен сізді қатты сағындым.



Әжей:

Маша! (әжей Машаны көргеніне қатты
қуанады)
Сәлеметсіңдер ме балалар? Сендерге үлкен
рахмет менің Машамды өзіме аман-есен
қайтардыңдар.

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе әжей!
Сіздің өтінішіңізді біздің балалар қолдан
келгенше орындауға тырсып
бакты.Бірақ,аюжанды ренжітіп алған
сияқтымыз.

Әжей: Уайымдамандар балалар,қазір біз
аюдың ренішінбасатын амалды табамыз.
Балалар сендер келемін дегенше,бәлішті
пісіріп қоямын деп едім. Үлгере
алмадым,сендер маған көмектессендер
бәріміз бірігіп тез аюды тойдырамыз және
көңілін көтереміз.

Тәрбиеші: Табылған ой,сендердің
бәліштерің дайын болғанша біз аюжанның
көңілін мөрлеу әдісі бойынша сурет салып
ауылай тұрайық.(аюдың көңілін көтеру)
Аюжан сен мұнда қарашы.Мына заттар не
үшін қажет екенін білесің бе?

Аю: Жок ,білмеймін.

Тәрбиеші: Аю қазір жылдың көктем
мезгілі,сондықтан ағаштардан бүршік
атып,гүлденеді.Осы керемет табиғатты
бізбен бірге сурет салшы.Сонда сенің
бәлішінде дайын болып қалар.

-Әжейді көріп қуанып
кетеді.

-Сәлеметсіңбе әжей.
Балалар таңырқай қарап
отырады. Аюға
бауырсақты жегізбей
жеткізгендеріне қуанады.

Балалар аюжаның көңілі
түсіп кеткеніне қатты
уайымдап.Көңілін
көтергісі келеді.

	Аю: Жарайды.(аю көңілдене бастайды) Шығармашылық жұмыс: 1)Көктем мезгіліне орай,суретті мөрлеу арқылы салады.(Көктем мезгілі болғандықтан,біз гүлденіп отырған ағаштарды саламыз) 2)Аюжанға бәліш пісіріп береді(Аюжанның бәлішті жегісі кеп тұрғансоң біз соған бәлішті пісіреміз) Ал балалар іске сәт. Тәрбиеші: -Ал балалар пісірген бәліштерінді аюға тапсырайық. Аю: Ой алақай бәліш,рахмет сендерге мен қайтып орманыма оралайын.Сау болындар балалар! (Аюжан қуанып бәлішті алып кетеді) Әжеймен Машада қайтып кетеді.	-Балалар екі топқа бөлініп шығармашылық жұмысқа кіріседі. -Бірінші топ көктем мезгіліндегі гүлденіп отырған ағаштарды мөрлеу арқылы салады. -Екінші топ аюжанға бауырсақ пісіріп береді. -Сау бол аюжан. -Сау болындар Әжей мен Маша.
Жетекші жөндеуші	-Ал балалар біз сендермен қайда саяхаттап келдік? -Қандай ертегілер киіпкерлерімен кездестік? -Ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма? Жүректен-жүрекке Келесі кездескенше сау болыңыздар. Қол ұстасып тұрайық. Шеңберді біз құрайық, Сау саламат болайық. Көріскенше күн жақсы.	-Орманға саяхаттадық -Маша мен аю ертегісімен. -Ия қатты ұнады. -Қонақтармен қоштасады.

Күтілетін нәтиже: Жануарларды дұрыс бөле білді

Білуі қажет:Мейрімді болуға,көмектесе білуге дағдыланды.

Қалыптасқан түсініктер: Шығармашылық жұмыспен қалай сәндеуге болатынын түсінді.

Орындаушылық қабілеті: Ұ.О.І.Ә бірлесе қатысты. Сұрақ жауаптарға толық қанды жауап берді.Экранға назар аударылды. Ойынды қызықты ойнады.